

Астана қаласы әкімдігінің Ақселеу Сейдімбек ШЖҚ №54 мектеп-лицей
МКК Қамқоршылық кеңесінің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Хаттама №1

Өту орны: №54 мектеп-лицей, Ш. Иманбаева, 4

Күні мен уақыты: 09 қыркүйек 2024 жыл, сағат 10.00

Қатысты: Қамқоршылық кеңес мүшелері

1. Шәкен Тұрар Сәттарқызы - «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің негізін салушы, идея авторы, этнолог.
2. Баймұқаш Бауржан Серікұлы - «Астана ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы.
3. Оралбаева Сания Жумажановна - «Holiday time tour» туристік агенства директоры
4. Елюбаева Асель Жанболсыновна- Астана қаласының кәсіпкерлер палатасы, Баспасөз хатшысы
5. Қанатов Самат Ахметғалиұлы- “Atameken Business” кәсіпкерлерді қабылдау палатасы, журналист
6. Кадирбаева Назым Талгатовна ТОО « Kaznet solution » кадр бойынша менеджер, көпбалалы ана
7. Нұрмағанбетова Бейбит Меиржановна- Жеке кәсіпкер. Көп балалы ана.
8. Толқынова Шырын Акимкожаевна «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, көпбалалы ана.
9. Даутова Сабина Жанатовна Тұрғын үй департаменті құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы экономикалық талдау бөлімінің бас сарапшысы.
10. Бегалиев Алиаскар Алайдарович - "Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ МКК"№ 2 қалалық емхана" . Дәрігер-терапевт.
11. Аманова Арай Кокораевна - Педагогика және психология ғылымдарының PhD докторы, ҚР оқу ағарту министрлігінің ғылыми қызметкері, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылым және коммерцияландыру департаменті директорының орынбасары.
12. Жылқышиева Жазира Жотабаевна «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік мекемесінің Алматы аудандық АХАТ бөлімінің бас маманы.
13. Көлбай Бану Жайлықызы - ҚР Парламенті депутаттың қоғамдық көмекші.
14. Татипанова Оразкуль Койшибаевна Байқоңыр ауданы ЖПҚБ УПИ ЮПБ полиция майоры.
15. Маратова Асылай Ержанқызы - Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару белсендісі.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережелерімен таныстыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын құру, бекіту.
2. Қамқоршылық кеңесінің жиналысына және ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу.
3. Әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың, жетім балалардың іс-шараларын ұйымдастыруға көмек көрсету.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша мектеп директоры У.С. Казыбаева сөз алды. Ол сөзінде, қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен таныстырды. Осыған дейінгі кеңес құрамы мерзімінің өтуіне байланысты тоқтатылғанын айтты. Жаңа кеңеске сәттілік тілей отырып, қамқоршылық кеңес туралы жалпы ережемен, кеңес мақсаты мен міндеттерін, атқаратын қызметтеріне тоқталды.

Қамқоршылық кеңесінің мақсаты – білім беру мекемесінің дамуына қолдау жасау, қала аумағында жұмыс істейтін басқа ұйымдармен оның байланысын нығайту, заттай және ақшалай қаржыларды белсенді пайдалану. Қамқоршылық кеңесі қаржыларды бюджеттен тыс ерікті құрбандық жасау, жеке тұлға мен мекемелердің қайырымдылық және демеушілік жарнасы, қайырымдылық есеп шотына заңмен қарастылыған қаржы көздері есебінен тартатындығын, қайырымдылық және демеушілік жарнасынан түскен және қайырымдылық көрсетушілер қосқан қаржы есебінен сатып алынған барлық мүлік мекеменің меншігі болып табылатындығын және бекітілген тәртіпте мектеп балансына алынатындығы жайында толық ақпарат берді. Кеңес құрамының мүшелерімен жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары талқыланды, пікір білдіріліп, бекітуге ұсынылды.

Күн тәртібіндегі II мәселеге сәйкес мектеп тарапынан ұстаздар мен ата-аналардың және оқушылардың дамуына бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру және қатысу, ата-аналар жиналысына, ата-аналар тарапынан туындаған сұрақтар мен мәселелерге жауап беру және оңтайлы шешу т.б. мәселелер талқыланды. Мектептің Біртұтас тәрбие, «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында атқарылатын іс-шаралар, «Театр және балалар» жобасы т.б. мектеп ата-аналары мен оқушыларын, Жыл бойы жүзеге асырылатын дәстүрлі түрде жүзеге асырылатын жобалар мен іс-шаралар: «Абайлаңыз, балалар!», «Bookchallenge», «Charity ball», маусымдық шахмат турнирі, «54 Talents show», «Мен әжемнің нұрымын», «Бір сынып - бір кітап», «Жігіт сұлтаны», «Лицей барысы», «Оқушылар болашақ жазушылар», «Алаштың ақсұңқары», «Сап және ән», «College fair», «Tartyl Fest» және жылдық тәрбие жоспарына сай іс-шаралар жүзеге асырылады. Байқау жеңімпаздарына бағалы сыйлықтарды қарастыру туралы мәселелер қарастырылды. Мектеп формасы үлгісінің қатаң сақталуына жауапкершілікті ата-аналарға жүктеу, сабаққа кешігу, себепсіз сабақты

босату бойынша да ата-ананың жауапты екендігі айтылды. Мектеп ұйымдастырған оқу-тәрбие іс-шараларына қатысу маңызды екендігі айтты.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Ш.А. Айтенова сөз алды. Ол, жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына ЖМОҚ берілетін көмек (жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке-ВСЕОБУЧ) құжаттарды қабылдау, шешім шығару мәселесін көтерді. Биыл мектебімізде 111 отбасыға көмек көрсетілді.

Әлеуметтік педагог Ш.А. Айткенова Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 949 қаулысы негізінде әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы

Заңын негізге ала отырып, комиссия шешімі бойынша жаңа оқу жылына, бүгінгі күнге атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ отбасы табысын есептеп, күн көріс деңгейіне жетпеген жағдайда ЖМОҚ алатын көмек алушылар тізіміне қосылуға құқылы.

Сынып-жиынтықтар саны – 105, 1-4 сыныптар – 42; Оқушылар саны – 1085; 5-9 сыныптар – 47; Оқушылар саны – 1209; 10-11 сыныптар – 16; Оқушылар саны – 402. Барлық оқушы саны - 2696.

Толық отбасылар -802, оның ішінде бала саны -2399. Толық емес- 149, оның ішінде бала саны -297, анасы жоқтар- 14, әкесі жоқтар -56.

Көп балалы отбасылар – 314, оның ішінде бала саны -907, аз қамтылған отбасы-25 оқушы, жетім балалар саны-2.



Мүгедектігі бар бала саны-31, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі-1, ЕББҚ -17 екендігін және білім алуына жағдай жасалғандығын жеткізді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекітілсін.
2. Мектеп формасы үлгісінің қатаң сақталуы, сабаққа кешігу, себепсіз сабақты босату бойынша да ата-ананың жауапкершілігіне жүктелсін.
3. Әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың, жетім балалардың іс-шараларын ұйымдастыруға көмек көрсету мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог және қамқоршылық кеңес мүшелерімен қолға алынсын.

Қамқоршылық кеңес
төрағасы

Кеңес хатшысы:

 Т.С. Шәкен
 Ж.Г. Матенова